

**8D07320 – «Құрылыс» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Ибраимова Ұлжан Бахытжанқызының «Магистралды газ құбырлардың көлемді-жылдам қирауын зерттеу және оны алдын алу әдістерін жасау» диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі**

Докторант Ибраимова Ұлжан Бахытжанқызының диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынылған тақырып магистралды болат газ құбырларындағы көлемді – жылдам қирауын алдын алу тәсілін әзірлеуге және зерттеуге арналған. Тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды, өйткені магистралды болат құбырлар өнеркәсіпте кеңінен қолданылады және пайдалану жүктемелері мен әсерлерінің әсерінен айтарлықтай қирауларға ұшырайды. Жұмыста ғылыми негізделген нәтижелер бар, оларды пайдалану маңызды қолданбалы мәселені шешуді қамтамасыз етеді – алдын ала кернеулі ораманы қолдану арқылы магистралды газ құбырларындағы жарықшақты оқшаулау және тоқтату әдісін әзірлеу, сондай-ақ жұмыстың ерекшеліктерін, сым орамасының жарықшақты тоқтату механизмін зерттеу, есептеудің инженерлік әдістемесін әзірлеу болып табылады.

Өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша жұмыс кешенді сипатта болды, онда көп вариантты теориялық зерттеулер, сондай-ақ магистралды газ құбырларындағы жарықшақтардың даму ерекшеліктері тұрғысынан пайдалану жағдайларын ескере отырып, эксперименттік зерттеулер жүргізілді.

Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған қорындылар мен ғылыми тұжырымдар қирау механикасының классикалық, серпімділік және пластикалық теорияларына негізделген және бүгінгі таңда ғылымға белгілі теориялық және эксперименттік мәліметтерге қайшы келмейді.

Алдын ала кернелген ораманың жарықшақтың таралу сипатына, пластикалық деформация компоненттеріне, жарықшақ аймағының кернеулі күйіне, ораманың конструкциялық параметрлерін ескере отырып, жарықшақ жағалары бойынша деформациялардың таралу сипатына әсері туралы алынған мәліметтер сым орамасын қолданудың тиімділігін құбырдағы сыну жарықтарын тоқтату және оқшаулауды қамтамасыз ету әдісі ретінде эксперименттік және теориялық негіздеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу міндеттерін қою, оны шешу, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен қорытындылары цилиндрлік қабықшалар теориясы мен қирау механикасының негізгі ережелеріне қанағаттанарлық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелердің дұрыстығы, ғылыми жаңалығы қойылған мақсаттың жаңалығына және онда шешілетін міндеттерге байланысты күмән тудырмайды.

Жұмыстың практикалық құндылығы, алынған нәтижелерді өндіріске енгізу арқылы, жұмыс нәтижелері семинарларда, ОҚУ ҒТК отырыстарында талқылау арқылы, сонымен қатар халықаралық жоғары рейтингтік рецензияланатын журналдарда мақалалардың жарық көру мен қатар Қазақстан Республикасы зияткерлік меншік институтының пайдалы моделіне патентпен дәлелденеді.

Жұмысты орындау барысында докторант ерекше еңбекқорлық, дербестік және адалдық танытты, бұл докторантурада оқу мерзімінде диссертациялық жұмысты аяқтауға мүмкіндік берді.

Докторант Ибраимова Ұ.Б., қалыптасқан ғалым ретінде ғылыми міндеттерді өз бетінше қоя алады және оны жоғары ғылыми-техникалық деңгейде шеше алады.

Алынған нәтижелердің маңыздылығы мен көлемі бойынша диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің PhD философия докторы дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді, ал докторант Ибраимова Ұлжан Бахытжанқызы 8D07320 – «Құрылыс» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші:**  
**техника ғылымдарының кандидаты,**  
**«Сәулет және қала құрылысы»**  
**кафедрасының қауымдастырылған**  
**профессоры**



**Н.Ж. Жаңабай**